



**«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясаты**

Басқарманың 07.09.2023 ж. №0907/5

хаттамасымен мақұлданған

Директорлар кеңесінің

27.09.2023 ж. №0927/6 қаулысымен бекітілген

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Мазмұны:

1. Жалпы қағидалар
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары
5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабардар ету
6. Сыйлықтарды қолдану ережелері
7. Қайырымдылық және демеушілік қызмет
8. Клиенттермен, контрагенттермен және өзге тұлғалармен бірлесіп әрекет ету барысында сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл
9. Жауапкершілік
10. Қорытынды қағидалар

1. Жалпы қағидалар

1. Осы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді
2. Саясаттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Банкте сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік принципін қалыптастыру болып табылады.
3. Саясаттың міндеті лауазымдық/функционалдық міндеттерді орындау кезінде адалдық пен ашық болу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік принциптерінің сақталуын қамтамасыз ететін Банк жұмыскерлерінің мәдениетін қалыптастыру болып табылады.
4. Банктің барлық жұмыскерлері осы Саясатты басшылыққа алып, оның принциптері мен талаптарын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Банк – «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Жақын туыстары – ата-аналары (ата-анасы), балалары, баланы асырап алушылары (қызды асырап алушылар), асырап алынған балалар (асырап алынған қыздар), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.

Туыстары – үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық байланыстағы тұлғалар.

ҚҚО – Банктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету орталығы.

Банк жұмыскерлері – Банкпен еңбек қатынастарында тұрған кез келген жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Банктің қызметі:

- сыбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлықты алдын алу);

- сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттерді анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, олардың салдарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).

Мүдделер қақтығысы – Банктің лауазымды тұлғаларының, оның акционерлерінің және (немесе) оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері мен олардың өзінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісті дәрежеде орындауы немесе Банктің және (немесе) оның жұмыскерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүлдітік және өзге мүдделері арасында қайшылық туындайтын жағдай, бұл Банк және (немесе) оның клиенттері үшін қолайсыз салдарға себепші болады.

Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық әрекеттері:

- кез келген нысанда, тікелей немесе делдалдар арқылы, соның ішінде пара беру және коммерциялық пара беру түрінде заңсыз, материалдық және материалдық емес пайданы ұсыну, уәде беру, беру және алу;

- және/немесе сыбайлас жемқорлық әрекетін жүзеге асыру кезіндегі делдалдық;

- қызметтік жағдайды теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдалану, сондай-ақ жеке тұлғаның өзінің лауазымдық жағдайын Банктің заңды мүдделеріне қайшы, оның ішінде өзі немесе үшінші тұлғалар үшін заңсыз пайда, материалдық және материалдық емес пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы немесе мұндай пайданы аталған тұлғаға басқа жеке тұлғалардың заңсыз беруі.

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою.

Банктің басшы жұмыскері – басқару органдарының басшысы мен мүшелері, атқарушы органның басшысы, оның орынбасарлары мен атқарушы органның мүшелері, банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және олардың негізінде Банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар Банктің өзге басшылары, Бас бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары танылады.

Банктің оқшауланған бөлімшелерінің бірінші басшылары және олардың бас бухгалтерлері, сондай-ақ негізінде банк операциялары жүргізілетін құжаттарға қол қою құқығы бар және тек бір құрылымдық бөлімшенің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар Банктің басшы жұмыскерлері болып табылмайды.

Бағалы сыйлықтар (сыйлықтар) – ақша, бағалы қағаздар, ас-шай, тегін көрсетілетін, бірақ төлем жасалуы тиісті қызметтер, сондай-ақ құрылыс, жөндеу жұмыстарын жүзеге асыруға құқық беретін жеңілдіктер; санаторийлік немесе туристік жолдамалар, жол жүру билеттерін беру; жеңілдікті талаптармен несиелер немесе кредиттер беру және т.б.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері

5. Банктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері:

- 1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне **нөлдік төзімділік** – Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидаты Банктің атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін Банктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері үшін тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;
- 2) **жазадан құтылмаушылық** – Банк өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан Банк жұмыскерлерін жазадан құтылмаушылық туралы мәлімдейді;
- 3) **жұмыскерлердің тартылуы** - Банк жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;
- 4) **тиісті сақтық** - Банк іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғаларды және жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

6. Банк осы Саясаттың принциптері мен талаптарына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша заңнамасының нормаларына қайшы келетін іс-әрекеттер жасау үшін контрагенттерді немесе өзге тұлғаларды тартпайды және пайдаланбайды.

7. Банк жұмыскерлеріне өзіне және/немесе жақын туыстары, үшінші тұлғалар үшін тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың, жақын туыстарының делдалдығы арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға, әкімшілік және өзге формальдылықтарды оңайлату мақсатында немесе ақша, құндылықтар, өзге де мүлік немесе қызмет көрсету/мүліктік/мүліктік емес сипаттағы игіліктер, өзге де мүліктік құқықтар сипаттағы игіліктер түрінде пайда алу мақсатында пара ұсынуға, беруге, өкілеттіктерді теріс пайдалануға қатаң тыйым салынған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

8. Банктің барлық жұмыскерлері осы Саясаттың талаптарын қатаң ұстанады. Банктің барлық жұмыскерлері үшін ағымдағы және жобалық қызметті жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа оның кез келген нысандары мен көріністерінде толық төзбеушілік қағидаты белгіленген.

9. Банк өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша келесі шаралар қолданады:

- 1) шешімдер қабылдау процедураларының ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адал бәсекелестік принциптерін сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;
- 3) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- 4) білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша шаралар қолдану;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу. Банктің барлық жұмыскерлері мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Банк жұмыскерлеріне қатысты оны алдын алу, анықтау, реттеу және шешу бойынша процедураларды қоса алғанда, мүдделер қақтығысын басқару тәртібі Банктің ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабардар ету

10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттандыру арнасы жұмыскерлерге және өзге де тұлғаларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы бар негізделген бақылаулар мен күдіктерді құпия немесе жасырын түрде білдіруге мүмкіндік беру мақсатында кез келген өзге көзден ақпаратты fraudinfo@bcc.kz электронды мекенжайға жіберу арқылы құрылды.

11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы барлық хабарламалар бойынша Банкте Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы «Банк ЦентрКредит» АҚ-та қызметтік тексеруді ұйымдастыру және жүргізу регламентінің талаптарына сәйкес тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізеді.

6. Сыйлықтарды қолдану ережесі

12. Банктің лауазымды тұлғалары, басшы жұмыскерлері мен жұмыскерлері Банктен қандай да бір шешім қабылдауды күтетін тұлғалардан немесе ұйымдардан (ресми іс-шараларды өткізу кезінде жалпы қабылданған сыпайылық немесе кәдесыйлар ережелеріне сәйкес назар аудару белгілерін қоспағанда) бағалы сыйлықтарды тікелей немесе жанама түрде алуға жол бермеуге тиіс.
13. Банктің лауазымды тұлғалары, басшы жұмыскерлері және Банк жұмыскерлері осы тұлға сыйға тартушының және мүдделі тұлғаның пайдасына тиісті шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін нәтижесінде бағалы сыйлықтарды тікелей немесе жанама түрде алуға жол бермеуге тиіс.
14. Бағалы сыйлықтар алған жағдайда (ресми іс-шараларды өткізу кезінде сыпайылықтың немесе кәдесыйлардың жалпы қабылданған ережелеріне сәйкес назар аудару белгілерін қоспағанда) осы факті туралы Банктің тиісті құрылымдық бөлімшесінің Басшысын хабардар ету қажет. Банктің құрылымдық бөлімшесінің басшысы қандай да бір бағалы сыйлықты және т.б. қайтару бойынша шаралар қолданады.
15. Егер бағалы сыйлықтарды Банктің лауазымды тұлғасының немесе басшы жұмыскерінің жақын туыстары/жекжаттары/туыстары/жұбайы (зайыбы) оның келісімімен ұсынса немесе егер ол бұған қарсылық білдірмесе және өзінің қызметтік өкілеттіктерін мүдделі тұлғаның пайдасына пайдаланса, Банк жұмыскерінің іс-әрекетін оның бағалы сыйлық алуы деп бағалаған жөн.
16. Бағалы сыйлықтарды алу барысын жасырған жағдайда (ресми іс-шараларды өткізу кезінде жалпы қабылданған сыпайылық немесе кәдесыйлар ережелеріне сәйкес назар аудару белгілерін қоспағанда) Банк жұмыскері ҚР қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауап береді.
17. Егер бөлімше басшысы өзі алған ақпаратты маңызды деп есептесе, ол хабарламаның көшірмесін ұсына отырып, «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскерлерінің Корпоративтік этика кодексінің қағидаларына сәйкес Бас комплаенс-бақылаушыға баяндайды.
18. Осы Саясатпен регламенттелген сыйлықтармен жұмыс істеу тәртібі «Банк ЦентрКредит» АҚ жұмыскерлерінің Корпоративтік этика кодексінің принциптеріне сәйкес келуге тиіс.

7. Қайырымдылық және демеушілік қызмет

19. Банк әлеуметтік жауапты бизнес ретінде Банктің имиджін құруға бағытталған бірыңғай қайырымдылық саясатын жүзеге асырады.
20. Банк Банктің нақты жобаларында коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.
21. Қайырымдылық және демеушілік көмек ҚР қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес толық айқын және ашық болған жағдайларда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.
22. Банк саяси және діни ұйымдардың қызметіне қатыспайды және олардың қызметін қаржыландырмайды. Банк аумағында қандай да бір саяси партияның немесе кандидаттардың пайдасына үгіттеуге, сондай-ақ жұмыскерлердің өздерінің діни және саяси көзқарастары мен нанымдарын таратуына рұқсат берілмейді.
23. Банк жұмыскерлеріне сыйлықтар беруге, саяси мақсаттарда жарналар жасауға немесе Банктің атынан саяси партияларды немесе саяси лауазымдарға кандидаттарды қолдау үшін ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыруға тыйым салынады.

8. Клиенттермен, контрагенттермен және басқа да тұлғалармен өзара іс-қимыл барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

24. Саясат талаптары Банк жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге де іскерлік қатынастар орнатқан кезде сақталады. Банк клиенттерден, контрагенттерден және өзге тұлғалардан, сондай-ақ олардың өкілдері мен жұмыскерлерінен олармен жасалған шарттарда бекітілуі мүмкін немесе ҚР заңдарынан, тіркеген елдің ұлттық заңнамасынан және (немесе) көрсетілген тұлғаларды әрекетінен және халықаралық құқық нормаларынан тікелей туындайтын сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл бойынша тиісті міндеттердің сақталуына ниет білдіреді.
25. Банк клиенттермен, контрагенттермен және сыбайлас жемқорлық әрекетіне тартылған немесе тартылуы мүмкін өзге тұлғалармен іскерлік қатынастар орнату кезінде қолданылатын ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу тәуекелін азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді күш жұмсайды.

9. Жауапкершілік

26. Банктің барлық жұмыскерлері атқаратын қызметіне қарамастан, осы Саясаттың принциптері мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ оларға бағынысты тұлғалардың осы қағидаттар мен талаптарды бұзатын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дербес жауап береді.
27. Осы Саясаттың талаптарын бұзу тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болуы мүмкін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа себепші болуы мүмкін.

10. Қорытынды қағидалар

28. Банктегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының сақталуын қадағалау Қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының Ішкі қауіпсіздік дирекциясына жүктеледі.
29. Осы Саясат Банктің алқалы органдарының шешімдеріне немесе ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қайта қаралуы мүмкін.
30. Осы Саясаттың қағидалары ҚР заңнамасының нормаларына қайшы келген жағдайда ҚР заңнамасының нормалары қолданылады.